

Жомарт күз!

1.жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз
Жасымызбен кәріміз
Қырдан келіпті қыдырып,
Алтын күз бізге нұр беріп.

Армысыздар құрметті ата-аналар, ұстаздар және «**Балдырған**» тобының бүлдіршіндері. Бүгінгі күз мезгіліндегі ең тамаша «Жомарт күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған, сары алтындай сары күз бізге дәмді жемістерін, қамбаға толы астығын сыйлады. Ендеше «Балдырған» тобының бүлдіршіндерін қарсы алайық.

Би: Күзгі вальс.

2.жүргізуші: Балдырғандар бүгінгі
Еркелігін тастайды
Күз тупалы сіздерге
Тақпақтарын бастайды

Күз туралы тақпақтар:

Иманғали. Жетті желмен алтын күз
Жеміс жинау салтымыз
Жиып-теріп болған соң
Той жасайды халқымыз

Жанбота. Алтын, сары, қызыл, көк.
Алуан-алуан жапырақ
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ

Айя. Күздің қазан айында,
Алма, алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Нұрдәулет. Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

1 жүргізуші: Бүгін мейрам, бүгін той,
Қуанышты күн біліп қой.
Күзгі бақтай сыңғырлап
Алақанды соғып қой,- деп жеміс-жидектер биін
қарсы алыңыздар!

Би: Жеміс —жидектер биі.



2 жүргізуші: Ән салыңдар күлiңдер

Жайнап гүлдей жүрiңдер

Күздiң тойын тойлайық

Би билейiк ойнайық.-деп қыздарымыздың жапырақтар биiн
тамашалаймыз!

Би: Жапырақтар биi.



Тақпақтар: Жемістер мен көкөністердің таласы.

Шахкерім (пияз): Асханадан шықпаймын,
Атым пияз бұқпаймын.
Көзден жасты шығарам
Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Нұрбақыт (картоп): Картоп біздің атымыз
Жер астында жатырмыз
Бір тамырдан тараған.
Ағайынбыз бәріміз

Гүлсезім (қызанақ) Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен қызанақ
Күнге қарап ұялып.

Айкөркем (сәбіз): Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды
Қоянғада азықпыз
Сәбіздерміз тәттіміз.

Сұңқар (қияр): Дәмім тілді үйірген
Мен тұздалған күйімде
Жаңа піскен кезімде
Жейді бәрі, сүйсіне.

Арай (өрік): Дөп-дөңгелек, сап-сары.
Ішінде бар дәні.

Қызығасың көріп,

Менің атым өрік.

Нұрсая (шие): Мен шиемін шиемін

Күннің көзін сүйемін

Қышқыл шырын менде бар

Төмен басты иемін.

Айя (алма): Пісіп тұрған алмамын.

Тамсандырар бал дәмім.

Жерге сілкіп түсірме

Ісіп кетер маңдайым.

Қарақат (жүзім): Мен жүзіммін, жүзіммін



Моншақ болып тізілдім.

1 жүргізуші: Осымен «Балдырған» тобының «Жомарт күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан-жылға көл болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын. Сау болыңыздар!